

**Бекітемін: Мектеп директоры
директоры:**

Нурғалиева Ж.Е.

**«Айгөлек» шағын орталығының
2022-2023 оқу жылына арналған оқу- тәрбие
жұмысының жылдық жұмыс жоспары**

Жылдық жоспар бөлімінің мазмұны

I Ақпараттық парақ

- 1.1. Білім беру ұйымы туралы мәлімет
- 1.2. Мектепке дейінгі ұйым төлқұжаты
- 1.3. Өткен оқу жылының қорытындысы
- 1.4. Топтар жиынтығы
- 1.5. Педагог кадрлармен қамтылуы
- 1.6. Негізгі деректі құжаттар
- 1.7. Өз білімін көтеру бағыты
- 1.8.. Балалармен жүргізілетін көпшілік шаралар

I Тарау. Ақпараттық парақ

1.1. Білім беру ұйымы туралы мәлімет

Сергеевка қалалық білім беру бөлімінің «Айгөлек» шағын орталығы Шалақын ауданы Еңбекші көшесі №7 мекен-жайында орналасқан. Телефон: 5-16-75

Мектепке дейінгі ұйым ғимараты кірпіштен салынған, жалпы үлгідегі бір қабатты, сыйымдылығы 15 орын. Жас ерекшеліктеріне қарай аралас топ жұмыс жасайды. Жалпы көлемі 70м².

Ғимарат мемлекеттің меншігінде. Оқу-тәрбие жұмысы санитарлық-эпидемиологиялық ережелерді сақтау туралы деректі құжатқа сай жүргізіледі. «Айгөлек» шағын орталығы кәсіпорын ретінде Сергеевка қалалық әкімдігінің 01.03.2010 жылдан қызмет жасайды. «Айгөлек» шағын орталығы өз қызметін жүргізуде ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы» заңын, ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын және шағын орталық Жарғысын, т.б. деректі құжаттарды басшылыққа алады. Жылдық және тақырыптық жоспарлар ҚР МЖБС талаптарына сай құрылған. Жылдық жоспар мен вариативтік компонент жоспары Сергеевка қалалық білім беру бөлімімен бекітілген. Оқу жоспарының вариативтік бөлігі МЖБС және «Айгөлек» шағын орталығының жағдайына сай қолданылады. Күн тәртібі және мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының базалық оқу жоспары санитарлық-гигиеналық талаптарына, оқыту жағдайы мен мазмұнына сай келеді. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің кестесі жыл сайын әрбір жас тобына жасалады. Өзгеріс енгізілген жағдайда оқу жоспарына сай түзету жүргізіледі. «Айгөлек» шағын орталығының негізгі айналысатын әрекет түрі – тәрбиелеу, білім беру және сауықтыру әрекеттері. Штаттық кесте, тарификация Сергеевка қ. Білім беру бөлімімен бекітілген. Педагогтардың педагогикалық жүктемесі штаттық кестеге, квалификация және тарификацияға сай бөлінген.

Топ бөлмелерінде балалар үшін барлық жағдай жасалған, бөлмелердің ауасы үнемі тазартылып тұрады, еденге кілем төсеніштер төселген, ойын орталықтары жасақталған. Топта жатын бөлмелері бар. Әрбір тәрбиеленушіге өзінің бойы және көру, есту жағдайына сай жұмыс үстелі, кереует, төсек орындарымен қамтамасыз етілген. Едендерге линолеумдер төселген. Топ бөлмелеріне сол жақ жанынан табиғи жарық түседі. Мектепке дейінгі ұйым ауласы көгалдандырылған.

1.2.Мектепке дейінгі ұйым төлқұжаты

Мектепке дейінгі ұйымның толық атауы:

Ақсу негізгі мектебі жанындағы

«Айгөлек» шағын орталығы

Ашылған уақыты: 2010 жыл, 01 наурыз

Индексі: 151305

Мекен – жайы: СҚО, Шал ақын ауданы, Ақсу ауданы

Телефоны: 8 7153 45 16 75

Жоба қуаттылығы (орын) –15

Жалпы көлемі:70ш.м

Оқытылу тілі: мемлекеттік тілде

Топтың саны:Аралас жас

1.3. Өткен оқу жылының қорытындысы

Мектепке дейінгі ұйым жыл бойы жоспар бойынша жүйелі жұмыстанды. 2022-2023 оқу жылында «Айгөлек» шағын орталығы баланың жеке басының қалыптасуын және дамуын басты мақсат ете отырып, төмендегідей жылдық міндеттемелерді жүзеге асырды:

1. Мектепке дейінгі ұйымдағы балаларға танымдық іс-әрекеттің дағдыларын меңгерту, әлемнің тұтас бейнесін түсінуге және ақпаратты өмірлік маңызды мәселелерді шешуде қолдануға қабілетті тұлға қалыптастыру.
2. Көркем әдебиетті байланыстыра отырып, әлеуметтік ортадағы жағымды мінез-құлық пен қатынасқа қабілетті әлеуметтік бейімделген шығармашыл тұлғаны тәрбиелеу.
3. Балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың белсенділіктерін арттырып, тәрбиелік іскерліктерін байытып, олардың өздерінің педагогикалық мүмкіндіктеріне сенімділіктерін арттыру.

Жұмыс бағыттары Білім беру салалары бойынша оқу іс-әрекеттері	Нәтижелерді қорытындылау	Жуықкезеңге міндеттер
«Денсаулық» б/б саласы - дене шынықтыру	Балабақшаға 2022-2023 оқу жылының басында 5 бала жасақталынған кіші жас тобы тәрбиеленушілері сапқа тұру, саппен бірінің артынан бірі жүру сияқты қарапайым қимылдарды меңгерсе, кіші топ тәрбиеленушілері негізгі қимылдарды жүгіру, өрмелеу және секіру дағдыларын меңгерді, кейбір қимылдарды тәрбиешілер көмегімен орындап отырды. Ортаңғы топ тәрбиеленушілері күрделірек қимылдарды өздігінен орындауға, тәрбиешінің айтқаны бойынша бағытталуға үйренді. Сонымен қатар ұйымда баланың дене бітімі мен психикасының дамуына қолайлы жағдай туғызылып, моторика, қозғалыс іс-әрекетінің түрлі қимылдарын дамыту қарастырылып отырды. Салауатты өмір салтын қалыптастыруда топтарда ойын-сауық, қимылды ойындар, денсаулық күндері, шынықтыру шараларының денсаулыққа пайдалы және маңызды	Өзінің денсаулығына, салауатты өмір салтын қалыптастыруға деген көзқарасты тәрбиелеу. Денсаулығын нығайтуға және шынықтыруға арналған денсаулық сақтау және дәстүрлі технологияларды қолдану. Сайыстар, эстафеталық жарыстар, қимылды ойындарды,

екенін түсіндіру бағытында жұмыстар жүргізілді. Ол таңертеңгілік жаттығудан бастап, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті, ұйқыдан тұрған уақытта релаксация, массаж, шынықтыру - сауықтыру шаралары арқылы жүзеге асырылды. Көлемді түрде өткізілген іс-шаралар түрлерін атап өтетін болсақ әр ай сайын ата-аналарға «Күн тәртібінің балалар денсаулығына әсері бар ма?», «Тұмау ауруының алдын алу», «Дене тәрбиесіне арналған аяқ киім», Қысқы ауада демалуда балалар денсаулығына пайдасы зор және жақсы болуы шарт» тақырыбында кеңестер, жеке әңгімелесулер, топтық жиналыстар өтіп отырды. Балалармен Қыркүйек- қазан айларында «Денсаулық күні» аясында спорттық шаралар мен ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, қаңтар-ақпан айларында «Спорттық мерекелер» аясында ойын-сауықтар мен жарыстар, наурыз-сәуір айларында «Көктемгі дәрумендердің пайдасы» тақырыбында танымдық оқу іс-әрекеттер мен жоспарлы серуендер өтіп отырды.

Балалардың «Денсаулық» білім беру саласы бойынша бағдарламаны меңгеру нәтижесі:

Кіші жас (2-3)

Жыл басы			Жыл соңы		
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей
15%	11%	6%	14%	27%	59%

Ортанғы жас (3-4)

Жыл басы			Жыл соңы		
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей
66%	28%	6%	9%	33%	58%

Ересек жас (4-5)

Жыл басы			Жыл соңы		
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей
46%	38%	16%	5%	9%	85%

таза ауада серуенді мазмұнды ұйымдастыру.

	<p>Сонымен бірге балалардың иммунитеттерін арттыру мақсатында күнделікті мұрындарына оксалин майы жағылып, оскарбин дәрумені қабылдады. Күзгі-көктемгі мезгілдерде аурулардың алдын алу жұмыстарын жүргізуде ата -аналарға «Тұмаудың алдын-алу жолдары», «Таза жүрейік» тақырыбында кеңестер берілді. Тұмаудың кең таралып кетпеуі үшін топтарда желдету, кварцтау жұмыстары жүргізілді.</p> <p>Қорытынды: Баланың жеке басының гигиенасы, балабақшадағы күн тәртібін үйде сақтауға және жыл мезгіліне сәйкес киіну, таза ауада көбірек жүріп, қимыл-қозғалыста болуға кеңестер берілді. Соның ішінде «Таза ауадағы шынықтыру түрлері», «Өзінді тұмаудан қалай қорғау керек», т.б.</p>	
<p>«Қатынас» б/б саласы</p> <ul style="list-style-type: none"> - тіл дамыту; - көркем әдебиет; - қоршаған ортамен таныстыру; - мемлекеттік және орыс, ағылшын тілдері. 	<p>«Қатынас» білім беру саласы бойынша баланың жас ерекшелігін ескере отыра бағдарламада берілген мақсат пен міндеттерді орындау барысында көптеген жұмыстар жүргізілді. Тілдің грамматикалық құрылымын дамыту мақсатында әр баланың жас ерекшеліктеріне сай тақпақтар, санамақтар, мақалдар, жұмбақтар, өлеңдер жаттатылып, ертегілердің мазмұнын айтуға, сахналық қойылымдар арқылы диалогты сөйлеуге үйретілді. Нәтижесінде балалар ойларын сөзбен жеткізуге тырысып, сұрақтарға толық жауап беруге үйренді.</p> <p>Осыған орай мәнерлеп оқу, ертегілерді сахналау, мазмұнды-бейнелі ойындар жүргізілді. Мемлекетіміздің саясаты бойынша үш тілде тәрбиелеу бағытында балалар ана тілімен қатар ағылшын және орыс тілдерін меңгеруде. Ағылшын және орыс тілдерінде балалар тақпақтар айтып, педагогтар тарапынан олардың тілді дұрыс меңгеруіне байланысты жеке жұмыстар жүргізіліп отырды.</p> <p>Ата-аналарға баланың тілін дамыту мақсатында «Баламен қалай тіл табысуға болады?», «Балаларды қарым-қатынас жасауға үйрету», «Менің Қазақстаным», т.б. тіл ұстарту шаралары мен кеңестер өтілді. Балалармен «Балабақшадағы кітаптар» апталығы аясында «Қуыршақ қаласы» ойын-</p>	<p>Шығармашылық және тілдік құрылымын қалыптастыру үшін халық ауыз әдебиет үлгілерін кеңінен қолдану.</p>

сауығы, «Көркем шығармалар көрмесі» ұйымдастырылды.
Балалардың «Қатынас» білім беру саласы бойынша бағдарламаны меңгеру нәтижесі:

Кіші жас (2-3) Жыл басы			Жыл соңы		
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей
52%	42%	6%	21%	24%	45%

Ортанғы жас 3-4

Жыл басы			Жыл соңы		
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей
60%	33%	7%	12%	33%	55%

Ересек жас 4-5

Жыл басы			Жыл соңы		
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей
48%	35%	17%	10%	12%	78%

«Таным» б/бсаласы
-сенсорика
-Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру;
- құрастыру;
- экология негіздері;
- қоршаған ортамен

«Таным» білім беру саласы бойынша тәрбиеленушілер заттардың қасиетін бағдарлауға, заттардың түрін, негізгі түсін, пішінін ажыратуға дағдыланды, көлемі мен пішініне қарай топтастыруға, салыстыруға үйренді. Қоршаған ортаны тану мен құрастыру дағдыларын дамытуда әрекеттерге қызығушылық білдіріп, үлкендердің көмегімен ажырату, біріктіру, құрастыру дағдыларын меңгерді. Танымдық-зерттеу іс-әрекет негізінде интеллектуалдық фонды қамтамасыз етуде, танымдық сөйлеу, шығармашылық, іс-әрекеттерді біріктіруде, табиғатты қорғау іс-әрекетінің қарапайым тәсілдерін игеруге ықпал етуде, педагог пен баланың өзара іс-әрекетінің түрлі үлгілерін қолдану қарастырылды. Бұның бәрі күнделікті серуен кезінде тұрақты бақылау арқылы,

Балалардың танымдық қабілетін жан-жақты жетілдіру және баланың қызығушылығына қарай білуге деген талпыныстарын әрдайым қолдау. Балалардың логикалық тапсырмалар, ойындар арқылы математикалық сауаттылығын жетілдіру. Танымдық ойындарды ұйымдастырылған оқу іс-

таныстыру	<p>ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті арқылы, сюжеттік-рольдік ойындар, логикалық ойындар арқылы жүзеге асты. Мысалы, «Тапқыр бүлдіршіндер», «Ойлан, тап» дидактикалық ойындары оздырылды. «Таным» білім беру саласы бойынша бағдарламаны меңгеру нәтижесі:</p> <p>Кіші топ (2-3)</p> <table border="1" data-bbox="539 411 1664 547"> <thead> <tr> <th colspan="3">Жыл басы</th> <th colspan="3">Жыл соңы</th> </tr> <tr> <th>I деңгей</th> <th>II деңгей</th> <th>III деңгей</th> <th>I деңгей</th> <th>II деңгей</th> <th>III деңгей</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>50%</td> <td>42%</td> <td>8%</td> <td>21%</td> <td>38%</td> <td>41%</td> </tr> </tbody> </table> <p>Ортанғы топ (3-4)</p> <table border="1" data-bbox="539 587 1664 722"> <thead> <tr> <th colspan="3">Жыл басы</th> <th colspan="3">Жыл соңы</th> </tr> <tr> <th>I деңгей</th> <th>II деңгей</th> <th>III деңгей</th> <th>I деңгей</th> <th>II деңгей</th> <th>III деңгей</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>66%</td> <td>28%</td> <td>6%</td> <td>12%</td> <td>30%</td> <td>58%</td> </tr> </tbody> </table> <p>Ересек топ (4-5)</p> <table border="1" data-bbox="539 762 1664 898"> <thead> <tr> <th colspan="3">Жыл басы</th> <th colspan="3">Жыл соңы</th> </tr> <tr> <th>I деңгей</th> <th>II деңгей</th> <th>III деңгей</th> <th>I деңгей</th> <th>II деңгей</th> <th>III деңгей</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>50%</td> <td>34%</td> <td>16%</td> <td>5%</td> <td>18%</td> <td>77%</td> </tr> </tbody> </table>	Жыл басы			Жыл соңы			I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей	50%	42%	8%	21%	38%	41%	Жыл басы			Жыл соңы			I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей	66%	28%	6%	12%	30%	58%	Жыл басы			Жыл соңы			I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей	50%	34%	16%	5%	18%	77%	<p>әреттерінде жиі қолдану. Әдістемелік әдебиеттермен толықтыру.</p>
Жыл басы			Жыл соңы																																																					
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей																																																			
50%	42%	8%	21%	38%	41%																																																			
Жыл басы			Жыл соңы																																																					
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей																																																			
66%	28%	6%	12%	30%	58%																																																			
Жыл басы			Жыл соңы																																																					
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей																																																			
50%	34%	16%	5%	18%	77%																																																			
<p>«Шығармашылық» б/б саласы</p> <ul style="list-style-type: none"> - сурет салу; - мүсіндеу; - жапсыру; - музыка 	<p>«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша тәрбиеленушілер музыкадан ұйымдастырылған оқу –іс әрекеттерінде үлкендермен қосылып ән айтуға, музыка әуенімен қимылдарды орындауға қызығушылықтарын білдіреді. Ұйымдастырылған оқу –іс әрекеттерінен тыс уақытта балалар түрлі сұлу үндермен, музыка құралдарымен танысып, музыка тыңдау, ән айтқан кезде өлең мазмұнына сәйкес бейнелі қимылдар жасап, ырғақты сезіне білуіне ерекше көңіл бөлінді.. Оқу-тәрбие шараларын жүргізуде ашық тәрбие жұмыстары, ертеңгіліктер, ойын-сауық кештері өткізілді. Атап кететін болсақ, «Алтын күз», «Жан ана», «Жаңа-жыл», «Қош келдің , Наурыз» , « Құстар күні» ертеңгіліктері балалардың шығармашылық қабілеттерінің артып келе жатқанын көрсетті.</p>	<p>Балалардың өнерге деген қызығушылығын ояту және эстетикалық талғамын , сезімін қалыптастыру. Әнге және музыкалық аспаптарға қызықтыра білу. Музыкаға қабілеті бар балаларды анықтап, олардың дарындылығын дамыту. Балалардың қимыл-шарықтарына үйрету, би түрлерін көбейту</p>																																																						

Балалардың «Шығармашылық» білім беру саласы бойынша бағдарламаны меңгеру нәтижесі:

Кіші жас (2-3)

Жыл басы			Жыл соңы		
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей
78%	22%	0%	14%	34%	52%

Ортангы жас (3-4)

Жыл басы			Жыл соңы		
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей
54%	35%	11%	12%	27%	61%

Ересек жас (4-5)

Жыл басы			Жыл соңы		
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей
48%	35%	17%	7%	18%	75%

технологияларды қолдану арқылы баланың шығармашылығын одан әрі шыңдау.

«Әлеуметтік орта»
 - қоршаған ортамен таныстыру;
 - экология;
 - көркем әдебиет

Балалардың жеке басын, өзін-өзі тану дербестігін қалыптастыру барысында балабақшада өткізілетін тәрбие жұмыстары ойын түрлері, еңбек, ойын-сауықтар жүзеге асырылды. Құрдастарымен тұрақты ойын бірлестіктеріне қатысады, ересектермен танымдық тақырыптарда әңгімелеседі. Балалардың бойына адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына жол ашып, үлкендер еңбегіне құрметпен, қызығушылықпен қарап, еңбек нәтижесін бағалай білуге үйретілді.

Балалардың «Әлеуметтік» білім беру саласы бойынша бағдарламаны меңгеру нәтижесі:

Кіші жас (2-3)

Жыл басы			Жыл соңы		
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей
83%	17%	0%	24%	28%	48%

Ортангы жас (3-4)

Бала өзі жайлы, өзінің жанұясы және мекен –жайы туралы толық білуге тәрбиелеу. Туған жер, Қазақстан туралы түсініктерін молайтып, Отанына деген патриоттық сезімін, сүйіспеншілігін кішкентай кезінен бастап қалыптастыру. Адамдармен амандасу, үлкенді сыйлауға үйрету. Ауданымыздың мәдени орындарын, тарихын білуге, құрметтеуге тәрбиелей

	Жыл басы			Жыл соңы			отырып , саяхатқа шығу, оның тарихымен таныстыру.
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей		
63%	27%	10%	12%	36%	52%		
Ересек жас (4-5)							
Жыл басы			Жыл соңы				
I деңгей	II деңгей	III деңгей	I деңгей	II деңгей	III деңгей		
44%	39%	17%	6%	15%	79%		
Отбасымен жұмыс	<p>Шағын орталықтың негізгі міндеттерінің бірі ата-анамен ынтымақтаса жұмыстану . Осы мақсатты жүзеге асыру барысында ата-аналардың комитет құрамы сайланды. Ата-аналар өте белсене өткен іс-шараларға қызығушылықпен қатысып, тәрбиешілерге оқу-тәрбие істерін нәтижелі жүзеге асыруға көмек көрсетті. Атап айтсақ, ата-аналар жиналыстары, қоғамдық шаралар, мерекелік ертеңгіліктер, ашық есік күндерін өткізу. т.б. Жыл басында ата-аналар жиналысы өткізіліп, ата-ананы топтағы оқу – тәрбие процесінің мазмұнымен және әдістемесімен таныстырылды. Отбасы тәрбиесіне қатысты ата-аналарға педагогикалық-психологиялық кеңестер беріліп отырды.Үйде, бала дастархан басында, басқа да жерлерде өзін-өзі ұстау мәдениетіне көңіл аудартукеректігі және дұрыс тамақтану, күн тәртібін сақтау сияқты мәселелерге кеңестер беріліп отырды. Балабақша психологі ата-аналармен жиі кездесіп, тренинг, сауалнама ,әңгіме жүргізіп, ақыл-кеңес беріп тұрады. Ата-аналар бұрышы жабдықталып, ақпараттық тақталар жаңартылып отырады.</p>						
Педагогтер мен жұмыс	<p>Жалпы шағын орталық бойынша 8 педагог маман қызмет етеді. Жоғары білімі бар 6 педагог, арнаулы орта білімді 1 педагог, аяқталмаған жоғары білімді 1 педагог. Балабақшада педагогикалық ұжым әдістемелік үрдістерді іске асыруда халық педагогикасын, М. Монтессори технологиясын, Тэй-тэй технологиясының элементтерін, денсаулық сақтау технологиясын, дамыту ойындарын, ТРИЗ элементтерін қолданады. Шағын орталықтың оқу-тәрбие жұмыстарына ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын басшылыққа ала отырып «Алғашқы қадам», «Зерек бала» бағдарламаларын қолданамыз. Балабақша ұжымы ҚР Білім Заңын, Елбасының Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасын, «Тіл туралы заңды», Президенттің жолдауын т.б. деректі құжаттарды негізге ала отырып, бүлдіршіндерді тәрбиелеу және оқыту кезінде жоспарланған тақырыптар бойынша қызықты, тартымды оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізіп отырды. Әр топта жоспар бойынша ашық тәрбие жұмыстары , ойын түрлері, оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарлары дайындалды. Кәсіби</p>						

	шеберлікті қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар (педкеңес, әдістемелік кеңес, ашық сабақтар, семинарлар) педагогтардың біліктілік деңгейлерінің жоғарылауына әсер етеді.
--	---

1.4.Топтар жиынтығы

р/с	Топтың атауы	Жас ерекшелігі	Топ тәрбиешілері
1	Кіші аралас жас	2-3 жас	Хакмитова Асемгүл Амангелдиевна Клышбаева Земфира Жанмурзиевна
2	Ортангы аралас жас	3-4 жас	Хамитова Асемгул Амангелдиевна Клышбаева Земфира Жанмурзиевна
3	Ересек аралас жас	4-5 жас	Хамитова Асемгүл Амангелдиевна Клышбаева Земфира Жанмурзиевна

1.5. Педагог кадрлармен қамтылуы

«Айгөлек» жеке шағын орталығында оқу-тәрбие жұмысы мемлекеттік тілде жүргізіледі, ҚР Мемлекеттік Жалпыға міндетті білім беру стандартын басшылыққа ала отырып, «Алғашқы қадам», «Зерек бала» бағдарламаларын қолданады. Оқу-тәрбие үрдісі 6 педагог-мамандармен қамтамасыз етілген. Онда:

Білімі

Әдіскер	Психолог	Қазақ тілі маманы	Музыка жетекшісі	Хореограф	Тәрбиешілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді	Мектепке дейінгі білімі бар	Мектепке дейінгі жоғары білімді	Мектепке дейінгі Арнаулы орта білімді
1	1	1	0	0	2	1	0	1	1	2

Санаты бойынша

Жоғары біліктілік	бірінші біліктілік	екінші біліктілік	санатсыз
0	1	0	3

Еңбек өтілі бойынша:

1 ж – 5 ж дейін	5 ж – 10 ж дейін	10 ж – 20 ж дейін	20- 30 ж дейін	30-дан жоғары
1	2	1	0	0

1.6. Негізгі деректі құжаттар

№	Құжаттардың атауы	Құжаттардағы нұсқаулардың ағымы
1	30.08.1995 ж. Қазақстан Республикасының Конституциясы	Қазақстан Республикасының Конституция заңдары. Азаматтың нәсіліне, ұлтына, жынысына және әлеуметтік жағдайына мекен жайына қарамастан құқық пен еркіндік теңдігіне кепілдік беру
2	Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы 27.07.2007ж № 319-III	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен білім берудің негізгі бағыттарын басшылыққа алу.

	(2010 , 2011 жылдарда толықтырулар мен өзгерістер)	Тәрбиеленетін жас ұрпақтарға өздерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру. Оқыту кезінде халқымыздың асыл мұрасын, салтын, өсиетін, әдет-ғұрпын үйрету. Бала тәрбиесіне арналған әдістемелік нұқсқауларды пайдалану.
3	Қазақстан Республикасының «Тіл туралы Заңы» 1997жыл. 11 шілде №151-1 2008 ж.	Балаларға мемлекеттік тілді меңгертуде жағымды жағдайлар жасау, сонымен қатар түрлі ұлттын балаларының өз тілінде қарым-қатынас барысында сөйлесулеріне мүмкіндік туғызу.
4	ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы	ҚР-да білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаттарының орындалуын қадағалау.
5	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарты, 2012ж.23 тамыз №1080 қаулы; «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» бағдарламалары	Балалар өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, жеке тұлғаның әлеуметтік-рухани қасиеттерін қалыптастыру. Мемлекеттік стандарттың талаптарын орындау. Оқу-тәрбие жұмысының деңгейі мен сапасын жақсарту.
6	ҚР Білім және мәдениет денсаулық сақтау министрлігінің 1998ж 13 қаңтарындағы №14 бұйрық	Педагогтар мен қызметкерлердің төтенше жағдайлардағы әрекетке дайындықтарын жетілдіру. Тәрбиешілердің балаларды шұғыл жағдайлардағы әрекеттерге дұрыс оқыту жұмыстарының деңгейін көтеру.
7	Бала құқығы туралы конвенция 20.11.1989ж.	Әр баланың құқықтық ережесін сақтау, өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету.
8	«Төтенше жағдайлар туралы Заңы»	Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайда дайындықтар жүргізу. Табиғат апатына байланысты альбом,стенділер, кестелер дайындау, өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтау. Практикалық сабақтар өткізу.
9	ҚР еңбек кодексі. 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V	Мектепке дейінгі ұйымдағы еңбекті қорғауды ұйымдастыру. Ережелерін бекіту және іске қосу туралы: қызметкерлерді ережелермен таныстыру; Қазақстан Республикасының үкіметінің басқада нормативтік ережелерін,

		қауіпсіздік жағдайларын сақтау. Еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздігіне керекті құжаттармен қамтамасыз ету. Жаңа келген қызметкерлерді еңбек тәртібімен таныстыру; барлық қызметкерлер арасындағы құқықтық теңдік деңгейді қамтамасыз ету.
10	«Мектепке дейінгі тәрбие және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010 – 2020 жылдарға арналған «Балапан» бағдарламасыҚазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 21 қазандағы № 1119 қаулысы	Балабақшаның материалдық техникалық базасын нығайту Балабақшада балалардың толыққанды білім мен тәрбие алуына жағдай жасау. Мектепке дейінгі ұйымдарды білікті кадрлармен толық қамтамасыз етуді және олардың біліктілігін тұрақты түрде арттыруды жүзеге асыру.
11	"Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралыҚазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығы.	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында санитарлық – нормативтік ережелерді білу
12	Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 тамыз № 323 бұйрығы	Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережелері Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруға қойылатын талаптар Педагогтың іс-қағаздарын, жинақ папкасына қойылатын талаптар
13	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсан № 557 бұйрығына 1-қосымша - 1 жастан 5 (6) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға арналған үлгілік оқу жоспары	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары МЖМБС-ның білім беру салалары: «Денсаулық», «Қатынас», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеуметтік орта» бойынша жас кезеңдеріне бөлуді ескере отырып, педагогикалық процесті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.

	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсан № 557 бұйрығына 2-қосымша - 5 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепалды даярлау сыныптары мен топтарына арналған үлгілік оқу жоспары	
14	Мектепке дейінгі ұйымдар түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы (№20629.05. 2013ж)	Мектепке дейінгі ұйымдардың нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдардың барлық түрлері қызметінің тәртібін анықтайды.
	2016-2017 оқу жылында мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы әдістемелік-нұсқаулық хат	Әдістемелік-нұсқаулық хат жаңартылған мазмұнды іске асырудың негізгі бағыттарын, мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру процесін ұйымдастырудың әдістемелік тәсілдерін, Стандарт талаптарына сәйкес балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін жағдайлар жасауды, мектепке дейінгі ұйымдар қызметкерлерінің қызметін ұйымдастыруды, тәрбиешілердің педагогикалық шеберліктерін арттырудың негізгі тәсілдерін қарастырады.

1.6. 2022-2023 оқу жылына алынған міндеттер

№	Міндеттер	Күтілетін нәтиже
1.	Балалар өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, олардың салауатты өмір салтының құндылықтарына баулу.	Баланың қозғалысын жетілдіру, қимылдық дағдыларын дамыту, денсаулықтарын нығайту. Бала денсаулығын нығайту үшін дәстүрден тыс технологияларды қолдану.
2	Балалардың логикалық ойындар арқылы математикалық сауаттылығын арттыру	Логикалық ойындар арқылы баланың математикалық қабілеттерін дамыту, математикалық ұғымдарды қалыптастыруда жаңа технологияларды қолдану. Балалардың математикалық сауаттылығын дамыту бағытында семинарлар, сайыстар ұйымдастыру
3	«Балабақша тәрбиеленушілерінің қызығушылығы мен белсенділігін және педагогтардың құзыреттілігін арттыру мақсатында МдҰ-ның тәрбиелеу мен оқыту үрдісінде мотивацияны қолдану»	Педагогтың шығармашылық қызметін қалыптастыру. Ұжымда жаңаша жұмыстануға талпынуды қалыптастыру, кәсіби құзіреттілікті көтеру, баланың дамуы мен білім алу үрдісіндегі белсенді серіктестік үшін МдҰ жұмысына отбасы мүшелерін тарту, мектепке дейінгі балалардың дамуына құзыретті үйлесіммен келу потенциалын ескере отырып балабақшаның дәстүрлі жұмыс түрлерін оңтайландыру.

1.7. Өз білімін көтеру бағыты

№	Педагогтардың аты-жөні	Өз бетімен білімін көтеру тақырыбы	Күтілетін нәтиже
1	Садвакасова Гулмира Олжабаевна	Педагогтардың кәсіби құзыреттілігін қарастыру және мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің жұмыс формасы	Таңдалған тақырып бойынша кәсіби жете білушіліктерін көтеру
2	Хамитова Асемгул Ам ангелдиевна	Әдеби сөзді қолдану арқылы мектепке дейінгі сәби балалардың сөйлеуін активтендіру	Таңдалған тақырып бойынша кәсіби жете білушіліктерін көтеру
3	Клышбаева Земфира Жанмурзиевна	Дидактикалық ойындар арқылы балалардың математикалық белсенділігін арттыру	Таңдалған тақырып бойынша кәсіби жете білушіліктерін көтеру

Өз білімін жетілдіру курстары

№	ФИО	Курс тақырыбы	Сертификат номері	Берілген күні
1	Садвакасова Гулмира Олжабаевна	«Мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларға қатысты зорлық зомбылықтың алдына алу»	0017193	24.03.2023ж

1.8. Балалармен жүргізілетін көпшілік шаралар

Қызмет түрі	Тақырыбы	Өткізілу күні	Жауаптылар
Тақырыпты іс-шара	«Білім күні»	Қыркүйек	Тәрбиешілер
Тақырыпты іс-шара	«Тілім менің- тірегім»	қыркүйек	Тәрбиешілер
Күзгі ойын-сауық	«Алтын күз»	Қазан	тәрбиешілер
Мерекелік ертеңгіліктер	Тәуелсіздік күні	желтоқсан	тәрбиешілер
Жаңа жылдық ертеңгіліктер	Жаңа жыл жер шарын шарлайды	желтоқсан	тәрбиешілер
Ертеңгілік	Наурыз мейрамы	наурыз	тәрбиешілер
Ертеңгілік	Жеңіс күні	мамыр	тәрбиешілер
Ойын-сауық	Балаларды қорғау күні	маусым	тәрбиешілер
асфальтта сурет салу	– «Біз әлемдібейнелейміз»	Маусым	тәрбиешілер